

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - С. 312-315

## “LUBSUB” АТТЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КҮНДЕЛІК

*Оралбаев Ғалымжан, Шоқымова Әнел,  
Таңжарық Әділет*

Қазіргі уақытта заманауи ақпараттық-технологиялардың мүмкіндігі зор. Мамандардың айтуынша, оның ең сапалысы – цифрлы технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдеті түсуде. Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек.

Білім берудің барлық кезеңдерінде қағаз құжаттарды азайтып, қызметтерді электрондық форматта беру үшін жұмыстар жүргізілуде. «Сандық технологияға көшу» және экономикалық секторларды цифрландырудың келесі бағыты – қызмет көрсету сапасын арттыруға, шығындарды төмендетуге және тұрғындар мен бизнеске уақытты үнемдеу. Осылайша, мемлекеттік қызмет көрсетудің 80% электронды форматта жүргізілмек. Бұл жыл сайын 40 млн-ға дейін қағаз түріндегі анықтаманы қысқартуға және электрондық нұсқадағы қызметтерді жылдам алуға, сонымен қатар 2022 жылға дейін 25 миллиардтан аса теңге қаржыны үнемдеуге мүмкіндік бермек. Цифрлы технологияның негізгі мысалы және бастамасы болып электрондық күнделікті алсақ болады.«Электрондық күнделік және журнал» - бұл оқу процесіне студенттерге оқу кестелері және семинар сабақтың, сөз бағалары және практикалық сабақ туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін қызмет. Сонымен қатар, электронды күнделіктің әртүрлі жүйелері басқа, қосымша функцияларды - студенттердің электрондық портфолиосы, жаңалықтар ленталары, әлеуметтік желілер және басқаларын қолдана алады [1-2].

Электрондық журнал дегеніміз - мақалалардың мазмұны мен қысқаша мазмұнын алуға мүмкіндік беретін сайттар емес, жарияланымдардың толық нұсқалары бар мерзімді басылымдар. Электрондық журналдарды үш топқа бөлуге болады:

-параллель электронды журналдар - дәстүрлі басып шығарудың электрондық нұсқалары. Баспа және электронды нұсқалары бірдей;

-интеграцияланған электронды журналдар - бір-бірін толықтыратын екі түрде басылған;

-электронды журналдардың түпнұсқалары - тек электронды түрде шығарылады.

Электронды журналдардың мақсатына ұқсас - ғалымдарға жазылушылардың жаңа ғылыми мақалалары туралы уақтылы хабарлау және мәтіндерге қол жеткізуді қамтамасыз ету - ғылыми мақалалардың электронды алдын-ала басып шығарылған мұрағаты, мысалы ArXiv.org. Ең басты айырмашылығы - электронды журналдарда мақалаларға шолу жасалады, бұл әдетте олардың сапасына жағымды әсер етеді.

Электрондық журналдың ерекшелігі, әдеттегі сайттан айырмашылығы, жарияланымның жиілігі (ерекшелігі). Электрондық форматтың барлық артықшылықтарын пайдалану ұсынылады. Бұл материалдарда қолданылатын мультимедиялық компоненттер ғана емес, сонымен қатар журналдың «қабығы»

Қазіргі таңда тайм-менджмент маңызды рөл атқарады. Қандай да оқу орындарында студенттердің уақытын тиімді пайдалану мақсатында біз электронды күнделікті ұсынамыз. Біздің күнделікте әр студентке жеке парақшасына арналған логин және пароль беріледі.

Күнделікте әр студенттің жеке парақшасында студенттің қандай топта оқитыны туралы көрсетіледі. Парақшада семестрге сәйкес оқылатын пәндер және сәйкесінше мұғалімдер семинар сабағы, срс, практикалық жұмыстарын әр топқа жеке жібереді. 1-суретте көрсетілгендей студентке курсты, сабақты және жұмыс типін таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдер тапсырманы берген кезде соңғы мерзімді және қосымша мәліметті(комментарийлер) көрсете алады.




1-сурет Жеке парақша

2-суретте тапсырмалардың орындау мерзімі, семестрдегі сабақтардың тізімі және соған сәйкес мұғалімдер көрсетілген. Әр сабаққа сәйкес тапсырмалардың тақырыбы жайлы мәліметтер алуға болады. Мысалы, біздің жағдайда машинаға-бағытталған бағдарламалау пәні бойынша оқушының есімі, сабаққа сәйкес тақырып көрсетілген. Студенттің ыңғайлығы үшін біздің күнделік тез және қолжетімді жұмыс істейді. Жұмыстың тексерілгенін білу үшін тапсырманы 4 түске сәйкес жолға бөлінеді. Оларды айта кетсек:


- 1-ші жол көк түс - жұмыс орындалған;
- 2-ші жол қара көк - жұмыстың тексерілгені;
- 3-ші жол сары түс - жұмыс қайта тексерілуге жіберілді;
- 4-ші жол қызыл түс - жұмыс уақытылы орындалмаған.

Мұғалім өзі көрсетілген мерзімнен кешікше жұмыс, тапсырма қызыл түсте болады. 3-суретте тәжірибелік сабақтың уақытылы орындалғаны жайлы көрсетілген.

Тапсырманы студенттерге тышқанның (мышканың) сол батырмасы арқылы жүктеуге, ал оң батырмасы арқылы қайта жүктеуге мүмкіндік береді.



2-сурет Сайт құрылымы



3-сурет Жүктеу әдісі

Біздің жобада 4- суретте баға еңгізу жүйесі көрсетілген. Студент жұмысты толық әрі нақты орындаса 100 балл қойылады. Баллды мұғалім әр студентке тиісті орындалған жұмыстарға байланысты қояды.



4-сурет Баға еңгізу

“LubSub” электронды күнделігі университет қабырғаларында қолдануға арналған тиімді сайт. Сонымен қатар, сервер жадысы толып кетпеу үшін, біз жектеу бере аламыз. Мысалы, тапсырманы жүктеу барысында 100 Мб-дан аспау қажет. Жадыны үнемді пайдалану мақсатында бірнеше функционал қосуға болады, солардың бірі: серверге жүктелген файлдар белгілі бір уақыт өткен сөң жойылып отырады. Жобаны әлі де жетілдіріп, қолданысқа енгізуге болады.

**Пайдалынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кузнецов Максим, Симдянов Игорь. Самоучитель PHP. СПб.: БХВ-Петербург, 2018-С.448

2. Andrew Beak. PHP Zend Certification Study Guide//International Journal of Computer Integrated Manufacturing. 2015, Volume 6, Number 2,. P. 11-23.

*Ғылыми жетекшісі, ЕТЖБҚЕ кафедрасының  
ассистент , т.ғ.м Сейтбаталов Ж.Е.*

